



Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Проекторды пайдаланудан бұрын, барлық қауіпсіздік және пайдалану нұсқауларын оқып шығу керек. Барлық нұсқауларды оқып шыққаннан кейін, бұл ақпаратты кейінірек қарау үшін сақтап қойыңыз.

Мазмұны

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар 3

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар3

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер18

Қолдау мен қызмет көрсету нұсқаулығы 24

Ақауларды тексеру парақтары24

Epson проекторының контактілер тізімі 26

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Жеке жарақаттың немесе мүліктік зақымның алдын алу үшін, қауіпті жұмыс немесе тасымалдау жағдайын көрсету үшін, келесі белгілер пайдаланылады. Нұсқаулықты оқу кезінде, оларды дұрыс түсініңіз.

Белгілердің түсініктемесі

 Ескерту	Бұл таңба еленбеген жағдайда дұрыс емес пайдалануға байланысты ауыр жарақатқа немесе өлім жағдайларына әкелуі мүмкін ақпаратты көрсетеді.
 Абайболыңыз	Бұл таңба еленбеген жағдайда дұрыс емес пайдалануға байланысты жарақат алуға немесе физикалық зақымдалуға әкелуі мүмкін ақпаратты көрсетеді.

Орындауға болмайтын әрекетті көрсететін белгі

						
Орындам аңыз	Бөлшект емеңіз	Ұстамаң ыз	Су тигізбеңі з	Оны ылғал аймақтар да пайдалан баңыз	Тұрақсыз бетке қоймаңыз	Шашыратп аңыз

Орындау керек болған әрекетті көрсететін белгі

	
Нұсқаулар	Ашаны розеткадан ажыратыңыз

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Ескерту

Проекторды розеткадан ажыратып, барлық жөндеу жұмыстарын білікті қызмет көрсету маманына келесі жағдайлар негізінде беріңіз:

- Проектордан түтін, түсініксіз иістер шықса немесе шу естілсе шықса.
- Проектордың ішіне сұйықтық немесе бөгде заттар кірсе.
- Проектор құлап кетсе немесе корпусы зақымдалса.

Егер проекторды сол күйінде пайдалана берсеңіз, ол өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе көздің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.

Бұл проекторды өз бетінше жөндеуге әрекет етпеңіз.

Қате орын алғанда ашаны дереу ажырату мүмкіндігіне ие болу үшін, проекторды оңай қолжетімді розетканың жанына қойыңыз.



Ашаны
розеткадан
ажыратыңыз

Пайдаланушы нұсқаулығы арнайы түсіндірілген жағдайлардан басқа кездерде проектор қақпақтарын ашпаңыз. Проекторды (шығын материалдарын қоса) бөлшектеуге немесе өзгертуге тырыспаңыз.

Проектордың ішіндегі электр кернеулері өртке, электр тогының соғуына немесе ауыр жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Бөлшектемеңіз

Проекторды төбеге немесе қабырғаға орнату арнайы біліктілікті қажет етеді. Орнату жұмысы дұрыс орындалмаса, проектор құлап кетуі мүмкін. Бұл жарақатқа немесе апатқа себеп болуы мүмкін.

Орнату жұмысын орындау үшін, дилерге хабарласыңыз.



Нұсқаулар

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар



Ескерту

Төбеге орнату кронштейнін пайдалансаңыз және бұрандалардың босап кетуін болдырмау үшін оған желім жақсаңыз немесе проекторда майлағыштар не майларды пайдалансаңыз, проектордың корпусы шытынап, проектор төбеден құлап түсуі мүмкін. Бұл бекіткіштің астындағы кез келген адамға ауыр жарақат тигізуі және проекторды зақымдауы мүмкін.

Төбеге орнату кронштейнін орнату немесе реттеу кезінде, бұрандалардың босап кетуіне жол бермеу үшін желімді пайдаланбаңыз және майларды не майлағыштарды қолданбаңыз.



Орындамаңыз

Төбе кронштейні мен проекторды қате орнату проектордың құлауына себеп болуы мүмкін. Проектордың Пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілгендей, проекторды төбеге бекітетін барлық нүктелеріне бекітіңіз. Сонымен қатар проектор мен кронштейндерді олардың салмағын көтеретіндей беке сымдармен бекітіңіз. Міндетті түрде Epson ұсынған және осы проектормен үйлесімді бекітпені пайдаланыңыз.



Нұсқаулар

Проекторды төбе, қабырға немесе сөре сияқты биік орындарға орнату кезінде, проекторды орнату орнына бекем бекітетін сымды пайдаланыңыз және құлауының алдын алыңыз.



Нұсқаулар

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар



Ескерту

Проекторды асүй дінгектері, асүйлер сияқты ылғалды не шанды орындарға немесе ылғалдағыштардың қасына, не болмаса май түтіні не бу шығатын орындарға орнатпаңыз.



Орындамаңыз

Бұл өртке немесе ток соғуына әкелуі мүмкін. Проектордың корпусы бекітпеден құлап, тозуы және зақымдалуы мүмкін.

Корпусының тозуы себебінен проектордың құлауына әкелетін қоршаған орта мысалдары

- Зауыттар немесе ас үй сияқты көп мөлшерде түтін немесе ауада тарайтын май бөлшектері бар орындар
- Зауыттар немесе зертханалар сияқты ұшпалы заттарды немесе химикаттарды қамтитын орындар
- Зауыттар немесе ас үйлер сияқты проекторға жуу құралдары немесе химикаттар тиетін орындар
- Демалыс бөлмелері сияқты хош иісті майлар жиі пайдаланылатын орындар
- Көп мөлшерде түтін, ауада тарайтын май бөлшектері немесе көпіршік шығаратын құрылғылардың маңы

Проекторды оған шаң немесе кір тиетін орындарда пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.



Орындамаңыз

Әйтпесе проекцияланған кескін сапасының нашарлауы немесе ауа сүзгісінің кептелуі нәтижесінде ақаулыққа немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Проекторды жанбыр, су тиетін немесе ылғалдылық деңгейі жоғары орындарда пайдаланбаңыз.



Оны ылғал аймақтарда пайдаланбаңыз

Өрт немесе электр тогының соғу қаупі орын алуы мүмкін.

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Ескерту

Пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген кернеуден басқа мәнге ие қуат көзін пайдаланбаңыз.

Басқа қуат көзін пайдалану өртке немесе электр тогының соғу қаупіне себеп болуы мүмкін.

Қолжетімді қуат жүйесіне сенімді болмасаңыз, дилерге немесе қуат жеткізу компаниясына хабарласыңыз.



Орындамаңыз

Қуат сымының сипаттамаларын тексеріңіз.

Проектормен бірге берілген қуат сымы сатып алынған елдегі қуат көзі талаптарына сәйкес келеді. Сәйкес келмейтін қуат сымын пайдалану өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Проекторды сатып алынған елде пайдаланатын болсаңыз, проектормен бірге берілген қуат сымын ғана пайдаланыңыз. Проекторды сатып алынған елден басқа елде пайдаланатын болсаңыз, пайдаланылатын елге сәйкес келетін қуат сымын қолданыңыз.



Нұсқаулар

Қуат ашасын ұстағанда абай болыңыз.

Мұндай сақтық шараларын ұстанбау өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Пайдалану кезінде келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Қуат ашасын ауыстырмаңыз.
- Розеткаларды, кеңейту кабельдерін немесе ұзартқыштарды артық жүктемеңіз.
- Қуат ашасын шаң басқан розеткаға салмаңыз.
- Ашаны розеткаға бекем салыңыз.
- Ашаны ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Ашаны ажырату кезінде қуат сымынан тартпаңыз; ажырату кезінде әрқашан ашадан ұстаңыз.



Нұсқаулар

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Ескерту

Қуат ашасын жерге тұйықтау сымын немесе 3 істікті қуат ашасын пайдалану арқылы жерге тұйықтаңыз.

Әйтпесе бұл өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін. Берілген қуат сымын пайдаланыңыз және оны розетка жағынан жерге тұйықтаңыз.

Жерге тұйықтау сымы бар қуат ашалары үшін қуат ашасын жалғаудан бұрын осы сымды жалғаңыз. Сонымен қатар жерге тұйықтау сымын ажыратудан бұрын, қуат ашасын ажыратыңыз.

3 істікті қуат ашалары үшін 3 істікті жерге тұйықтауды қамтамасыз ететін розеткаға жалғаңыз.



Нұсқаулар

Зақымдалған қуат сымын пайдаланбаңыз.

Өрт немесе электр тогының соғу қаупі орын алуы мүмкін.

Пайдалану кезінде келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Қуат сымын өзгертпеңіз.
- Қуат сымының үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Қуат сымын қатты бүкпеңіз, бұрамаңыз немесе тартпаңыз.
- Қуат сымын ыстық электр құралдарына жақындатпаңыз.
- Қуат сымын басқа кабельдерге байламаңыз.

Қуат сымы зақымдалса (ішіндегі сымы ашылса, сымы үзілген болса), дилерге хабарласыңыз.



Орындамаңыз

Найзағай кезінде ашаны ұстамаңыз.

Әйтпесе электр тогы соғуы мүмкін.



Ұстамаңыз

Проектордың үстіне сұйықтық немесе химикат ыдысын қоймаңыз.

Проектордың ішіне сұйықтың төгілуі өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.



Су тигізбеңіз

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Ескерту

Проектор қосулы болғанда, объективтің ішіне қарамаңыз.

Жарық сәуле көзіңізге зақым келтіруі мүмкін. Әсіресе кішкентай балалары бар отбасылар абай болуы керек. Сонымен қатар лупа немесе телескоп сияқты оптикалық құрылғылармен объективтің ішіне қарамаңыз.



Орындамаңыз

Металл, жанғыш немесе бөгде заттарды проектор желдеткіш тесіктеріне салмаңыз немесе олардың маңына қоймаңыз.

Бұл өртке, электр тогының соғуына немесе күйік алуға себеп болуы мүмкін.



Орындамаңыз

Проекторды немесе батареялары салынған қашықтан басқару пультің терезелері жабық көліктің ішінде немесе тікелей күн сәулесі түсетін орындарда, не болмаса салқындатқыштар не жылытқыштардың ауа шығару тесіктері сияқты ыстық болатын орындарда қалдырмаңыз.

Температуралық деформация немесе техникалық ақаулық орын алып, өртке себеп болуы мүмкін.



Орындамаңыз

Проектордың объективі немесе сүзгісі сияқты бөлшектерге жабысатын кір не шаңды алып тастау үшін, жанғыш газдан тұратын спрейлерді пайдаланбаңыз.

Себебі пайдалану кезінде проектордың іші ыстық болып, газдар тұтануы және өртке себеп болуы мүмкін.

Объектив немесе ауа сүзгісі сияқты бөлшектерге жабысатын кір не шаңды алып тастау үшін, шаңсорғыш немесе қолмен басқарылатын ауа үрлегішін пайдаланыңыз.



Шашыратпаңыз

Ауада жанғыш немесе жарылғыш газдар болуы мүмкін болған орындарда проекторды пайдаланбаңыз.



Шашыратпаңыз

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар



Ескерту

Кітап немесе мата сияқты заттардың проектордың лизасының алдына қоймаңыз.

Проектордан шығатын жарықтың бету жабылатын болса, жарығы түсетін аймақ қызып, соңында ерітіп, жанып, өрт басталып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, шағылысқан жарыққа байланысты объективтің ысуы және проектордың ақаулығына әкелуі мүмкін.

Проектор жұмыс істемей тұрған кезде де, жоспарлы қосылу немесе қашықтан басқару құралының басылып кетуі себебінен өрт шығуы мүмкін.



Орындамаңыз

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Абайболыңыз

Проектордың корпусындағы ұяшықтары мен саңылауларын бөгеменіз. Олар корпусы желдетіп, проектордың қызып кетуін болдырмайды. Проекторды келесі орындарға қоймаңыз.



Орындамаңыз

- Шкаф не кітап сөресі сияқты нашар желдетілетін немесе тар орындар.
- Кілем, төсек орын, жүн көрпе сияқты жұмсақ беттер.
- Проекторды жүн көрпе, перде немесе дастархан сияқты заттармен жаппаңыз.
- АВ қорабының немесе жүйелік блоктың іші сияқты нашар желдетілетін орындар.
- Жылыту жабдықтарының қасы сияқты жоғары температуралы орындар.

Ауа кіріс саңылаулары астыңғы жағында болатын проекторлар үшін проектордың астыңғы жағына шүберек немесе қағаз сияқты заттарды қоймаңыз. Мұндай заттар проекциялау кезінде ауа кіріс саңылауына жабысып, ішкі температураның артуы нәтижесінде өртке себеп болуы мүмкін.

Проекторды қабырғаға жақын орнату кезінде, қабырға мен ауа шығару саңылауы арасында *Пайдаланушы нұсқаулығы* көрсетілгендей бос орын қалдырыңыз.

- Проекторды ауа кірмейтін орынға орнатпаңыз.

Проектор ауа кірмейтін орынға орнату қажет болса, ауа жеткізу және желдету жабдығы орнатылуы керек. Орын жеткілікті деңгейде желдетілмейтін болса, проектордан шығатын ыстық жиналып, проектордың кіріктірілген қорғаныс жүйесін іске қосып, проекторда ақаулық орын алуы мүмкін.

Проекторды оның салмағына көтере алмайтын орынға немесе дірілдейтін немесе еңкейетін үстел сияқты тұрақсыз орынға орнатпаңыз.



Тұрақсыз бетке қоймаңыз

Проектор құлап немесе төңкеріліп, зақымдалуына, деформациялануына немесе жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Абайболыңыз

Проектордың үстінен баспаңыз немесе оның үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.

Құлап, жарақат алуыңыз немесе проекторға зақым келуі мүмкін.



Орындамаңыз

Қашықтан басқару пультінен алынған батареяларды балаларға қолжетімсіз жерде сақтаңыз.

Балалар батареяларды жұтып, тамағында тұрып қалуы мүмкін. Батареяны жұтып қойған жағдайда, дереу медициналық көмек көрсетіңіз.



Орындамаңыз

Шығыс саңылауларынан шығатын ыстыққа қисаятын немесе зақымдалатын заттарды қоймаңыз. Проекторды пайдалану кезінде қолыңызды немесе бетіңізді саңылауларға жақындатпаңыз.

Ауа шығатын саңылаулардан келетін ыстық себебінен күйік алуыңыз немесе қисаюға немесе мүліктік зақымға себеп болуы мүмкін.



Орындамаңыз

Жанып тұрған шам сияқты ашық жалын көздерін проектордың үстіне немесе жанына қоймаңыз.



Орындамаңыз

Проекторды ұзақ уақыт пайдаланбайтын жағдайда қуат көзінен ажыратыңыз.

Оқшаулау нашарлап, өртке себеп болуы мүмкін.



Ашаны
розеткадан
ажыратыңыз

Проекторды жылжытудан бұрын, қуат көзін өшіріңіз, қуат ашасын розеткадан ажыратып, барлық кабельдерді алыңыз.

Өрт немесе электр тогының соғу қаупі орын алуы мүмкін.



Ашаны
розеткадан
ажыратыңыз

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Абайболыңыз

Тазалаудан бұрын, проекторды розеткадан ажыратыңыз.

Бұл тазалау барысында электр тогының соғуын болдырмайды.



Ашаны
розеткадан
ажыратыңыз

Тазалау үшін құрғақ шүберекті (немесе қатты кір немесе дақтар үшін сұйықтығы сығылған ылғал шүберекті) пайдаланыңыз. Сұйықтықтарды, аэрозоль тазалағыштарды немесе спирт, ерітінді немесе бензин сияқты ерітпелерді пайдаланбаңыз.

Проекторға су кіруі немесе корпусының зақымдалуы не сынуы электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.



Нұсқаулар

Кабельдерді адамдардың аяқтарына шатаспайтындай етіп жүргізілуі керек.

Бұл адамдардың құлауына немесе жарақат алуына себеп болуы мүмкін.



Нұсқаулар

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Абайболыңыз

Батареяны қате пайдалану батарея сұйықтығының ағуына немесе оның жарылуына себеп болып, өртке, жарақатқа немесе проектордың тоттануына себеп болуы мүмкін. Батареяларды ауыстыру кезінде, келесі сақтық шараларын орындаңыз.



Нұсқаулар

- Өртүрлі батареяларды пайдаланбаңыз немесе ескі және жаңа батареяларды бірге қолданбаңыз.
- *Пайдаланушы нұсқаулығы* көрсетілген батареялардан басқа батареяларды пайдаланбаңыз.
- Батарея сұйықтығы ағатын болса, сұйықтықты шүберекпен сүртіп алып, жаңа батареялармен ауыстырыңыз. Сұйықтық қолыңызға тисе, қолыңызды дереу жуыңыз.
- Батареялардың заряды біте салысымен оларды ауыстырыңыз.
- Проекторды ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды алып тастаңыз.
- Батареялардың қызуына жол бермеңіз немесе оларға өрт тигізбеңіз және суға салмаңыз.
- Батареялардың полюстерін (+ және -) дұрыс салыңыз.

Пайдаланылған батареяларды жергілікті заң талаптарына сай жойыңыз.

Бұл проектордың техникалық қызмет көрсету жоспарын сақтаңыз.

Проектордың ішкі жағы ұзақ уақыт бойы тазаланбайтын болса, шаң жиналып, өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Ауа сүзгісін қажетінше мерзімді түрде ауыстырып отырыңыз.

Проектордың ішкі жағын тазалау үшін, қажетінше дилерге хабарласыңыз.



Нұсқаулар

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

Абайболыңыз

Тұздан зақымдалуы мүмкін болған немесе ыстық бұлақтардағы күкіртті газ сияқты коррозиялық газдар әсер етуі мүмкін болған орындарға орнатпаңыз.

Әтпесе тот басып, проектордың құлауына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл проектор ақаулығына себеп болуы мүмкін.



Орындамаңыз

Проекторды ағын судың құрамындағы хлор мен минералды құрамдастар шашырауы мүмкін болған жерлерде, әсіресе ультрадыбыстық дымқылдатқыштардың жанында пайдаланбаңыз.

Әйтпесе ақаулықтар орын алуы мүмкін немесе проекцияланатын кескіннің сапасы нашарлауы мүмкін.



Орындамаңыз

Дыбыс деңгейі тым жоғары болғанда, проекторды іске қоспаңыз. (кіріктірілген үндеткіші бар модельдер үшін)

Жоғары деңгейдегі дыбыс есту қабілетінің жойылуына себеп болу мүмкін.

Проекторды өшіруден бұрын, әрқашан дыбыс деңгейін төмендетіңіз. Проекторды іске қосқаннан кейін, дыбыс деңгейін ақырын арттырыңыз.



Нұсқаулар

Проекцияланатын кескінді бөгемеу және жарық сәуле көздеріңізге түспеуі үшін, проектордың алдында тұрмаңыз.

Проектор жарығына тік қарау көру қабілетіңізді зақымдауы мүмкін.



Нұсқаулар

Проекторды жою барысында оны бөлшектеменіз.

Жергілікті немесе ұлттық заңдарға және ережелерге сәйкес алып тастаңыз.



Орындамаңыз

Алынбалы линза қақпағы бар проекторлармен объектив қақпағы бекітілген кезде проекцияламаңыз.

Объектив қақпағы қызып, күйік немесе басқа жарақаттар алуға себеп болуы мүмкін.



Орындамаңыз

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар

» Қатысты сілтемелер

- "Лампа бойынша ескертпелер" [p.16](#)

Лампа бойынша ескертпелер

Келесі жайттарды, сонымен қатар басқа ескертулер мен сақтық шараларын ескеріңіз.

Ескерту

Жоғары ішкі қысымы бар сынап шамы проектордың жарық көзі ретінде пайдаланылады. Шам діріл, соққы әсеріне ұшыраса немесе шамадан тыс ұзақ мерзім бойы пайдаланылса, шамның жарылуы немесе қосылмауы мүмкін. Шам жарылған жағдайда газдар шығуы мүмкін және шыны сынықтары шашырап, жарақаттарға себеп болуы мүмкін. Төмендегі нұсқауларды қарап шығыңыз.



Нұсқаулар

- Шамды бөлшектемеңіз немесе зақымдамаңыз және кез келген әсерлерден сақтаңыз.
- Проекторды пайдалану кезінде бетіңізді қатты жақындатпаңыз.
- Проектор төбеге орнатылған жағдайда аса сақ болған жөн, себебі шыны сынықтары шам қақпағы алынған уақытта төмен түсуі мүмкін. Проекторды тазалау немесе шамды өзіңіз ауыстырған жағдайда, шыны бөлшектерінің көз немесе ауызға түсуінен сақ болыңыз.
- Шам сынған жағдайда, аймақты дереу желдетіңіз және шыны сынықтары ауа жұтқан немесе көзге не ауызға түскен жағдайда дәрігерге хабарласыңыз.
- Сонымен қатар дұрыс утилизациялау туралы жергілікті ережелерді орындаңыз және қоқысқа тастамаңыз.

Қауіпсіздік бойынша нұсқаулар



Ескерту

Желдеткіштер ішіне қарамаңыз.

Шам жарылған жағдайда газдар шығуы мүмкін және шыны сынықтары шашырап, жарақаттарға себеп болуы мүмкін.

Шыны сынықтары ауа жұтқан немесе көзге не ауызға түскен жағдайда дәрігерге хабарласыңыз.



Орындамаңыз



Абайболыңыз

Лампаны пайдаланудан кейін дереу алуға тырыспаңыз, себебі ол өте ыстық болады. Лампаны алудан бұрын, қуатты өшіріп, оның толық салқындауы үшін, Пайдаланушы нұсқаулығы көрсетілген уақыт аралығында күтіңіз.

Ыстық күйік алуға немесе басқа жарақаттарға себеп болуы мүмкін.



Орындамаңыз

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер

Ақаулықтарды, жұмыс қателерін немесе проектор зақымын болдырмау үшін, келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер" [p.18](#)
- "Проекциялау лампасы" [p.19](#)
- "СКД панелі" [p.20](#)
- "Қалдық кескін (Іске кірістіру)" [p.20](#)
- "Проекторды тасымалдау бойынша ескертпелер" [p.21](#)
- "Шетелде пайдалануға арналған қуат сымдары" [p.22](#)

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер

- Проекторды аса жоғары және төмен температура әсер ететін орындарда пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз. Сонымен қатар температура кенет өзгеруі мүмкін болған орындарда сақтамаңыз.

Проекторды пайдалану және сақтау кезінде *Пайдаланушы нұсқаулығында* берілген жұмыс және сақтау температураларын сақтаңыз.

Проекторды сақтау кезінде, оны құрғақ күйінде сақтаңыз.

- Проекторды дірілдейтін немесе соққы тиетін орындарға орнатпаңыз.
- Проекторды жоғары кернеулі сымдарға немесе магнит өрісі көздеріне жақын орнатпаңыз.

Бұл дұрыс жұмыс істеуіне кедергі болуы мүмкін.

- Проекторды *Пайдаланушы нұсқаулығы* көрсетілген бұрыштан артық алға немесе артқа еңкейтпеңіз. Бұл проекторды зақымдауы немесе апаттық жағдайға себеп болуы мүмкін.
- Проекторды еңкейту және орнату үшін, арнайы орнату бекіткіштері қажет болуы мүмкін. Маманға хабарласып, бекіткішті дайындаңыз. Бекіткіш құлап кетпейтіндей жоспарлаңыз.

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер

- Объективті жалаңаш қолдармен ұстамаңыз.

Объективтің бетінде саусақ іздері қалса немесе оған тері майы жағылса, анық проекциялау мүмкіндігі болмауы мүмкін. Объектив қақпағы бар проекторда объективтің кірленуін немесе зақымдалуын болдырмау үшін, проектор пайдаланылмайтын кезде объективтің қақпағын жабыңыз.

- Қашықтан басқару пультіні сақтаудан бұрын, оның батареяларын алыңыз.

Батареялар қашықтан басқару пультініде ұзақ уақытқа қалатын болса, олардан сұйықтық ағуы мүмкін.

- Проекторды май және темекі түтіні бар орындарды пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз, себебі бұл проекцияланатын кескін сапасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

- Проектордың ішкі жағын тазалау үшін, дилерге хабарласыңыз.

Проектордың ішкі жағы ұзақ уақыт тазаланбаса, проектордың ішкі температурасының көтерілуіне себеп болатын шаң жиналып, ақаулықтарға және оптикалық бөлшектердің ерте тозуына әкелуі мүмкін.

- Егер проекциялау объективінің немесе камера объективінің беті арқылы қуатты лазер сәулесі өтсе, ол ақаулыққа себеп болуы мүмкін. Лазер сәулесі проекциялау объективінің немесе камера объективінің беті арқылы өтіп жатса, проекциялау объективі мен камера объективін қорғау үшін, лазер сәулесін алюминий немесе темір сияқты сәуле өткізбейтін және жанбайтын металл тақталармен бөгеңіз. Проекторды сақтап қою кезінде, объектив қақпағын бекіткеніңізге көз жеткізіңіз.
- Проектордың бұзылуына себеп болған, бірақ кепіл шарттарынан тысқары жағдайларға Эпсон компаниясы жауап бермейді.

Проекциялау лампы

Жоғары ішкі қысымы бар сынап шамы проектордың жарық көзі ретінде пайдаланылады. Сынапты шам сипаттамасы:

- Шам қарқындылығы пайдаланылған сайын азаяды.
- Ауыстыратын уақыт келгенде, шам жанбайды немесе қатты дауыс шығарып сынуы мүмкін.

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер

- Шамның тозу уақыттарының айырмашылығы әрбір шамның сипаттамаларына және пайдалану ортасына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Шамды ауыстыруға болатын үлгілер үшін қажет болғанда ауыстыратын қосалқы шамды дайындап қоюыңыз керек.
- Проекторды өшіргеннен кейін, дереу қайта қоспаңыз. Проекторды жиі өшіріп-қосу шамның жарамдылық мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Шамды ауыстыруға болатын үлгілер үшін, шамды ауыстыру туралы хабарлар көрсетілгенде, шамды тез арада жаңасымен ауыстырыңыз. Шамды ауыстыруға болмайтын үлгілер үшін, проектор ауыстыру хабары көрсетілгенде, проекторды пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Мұндай жағдайларда проекторды пайдалануды жалғастыру шамның сыну мүмкіндігін арттырады.

СКД панелі

СКД панелі аса жоғары дәлдіктегі технологиялардың көмегімен өндірілген. Дегенмен, панельде қақа нүктелер пайда болуы мүмкін немесе кейбір жағдайларда кейбір қызыл, көк немесе жасыл түсті нүктелер қатты жарық жануы мүмкін. Сонымен қатар кейбір жағдайларда түстің жолақты әркелкілігі немесе жарықты әркелкілігі орын алуы мүмкін. Оған СКД панелінің сипаттамалары себеп болады және ақаулық болып табылмайды.

Қалдық кескін (Іске кірістіру)

Әрекетсіз кескіндерді немесе сәл жылжитын кескіндерді ұзақ уақытқа проекциялағанда, қалдық кескін проекцияланған кескінде қалады.

Бұл жағдай СКД панелінің сипатына байланысты болып, ақаулық болып саналмайды.

Бұл мәселені азайту үшін, келесілерді орындаңыз.

- Проекцияланған кескінді қалыпты түрде өзгертіп отырыңыз.
- Қалыпты түрде проекциялауды тоқтатыңыз.

Ықтималдығы аз жағдайларда қалдық кескін орын алады, қалдық кескін жойылмайынша қара экран проекцияланады (бұл қалдық кескін

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер

деңгейіне байланысты әртүрлі болады, бірақ бағыттағы ш ретінде 30-60 минут аралығында проекциялауыңыз керек).

Жағдай қайта орын алса, жергілікті дилерге хабарласыңыз.

Проекторды тасымалдау бойынша ескертпелер

- Проектор қуатын өшіріп, қуат сымын розеткадан алыңыз. Сонымен қатар басқа барлық сымдар алынғанын тексеріңіз.
- Проектор моделінде объектив қақпағы бар болса, оны объективке бекітіңіз.
- Проектор моделінде объективті ығыстыру функциясы бар болса, объектив күйін бастапқы күйіне жылжытыңыз.
- Проектор моделінің суырмалы аяқтары бар болса, оларды жинап қойыңыз.
- Проектор моделінде тұтқасы бар болса, проекторды тасымалдау кезінде тұтқасынан ұстаңыз.
- Үлкен модельдерді тасымалдау кезінде, ол *Пайдаланушы нұсқаулығы* көрсетілген сандағы адам тарапынан көтерілуі керек.

Проекторды жөндеу мақсатында өндірушіге жөнелту кезінде

Ішкі проектор құрамдастары көптеген шыныдан жасалған бөлшектерден және дәлдігі жоғары бөлшектерден тұрады. Проекторды тасымалдау кезінде, проекторды соқтығыстар нәтижесінде орын алуы мүмкін болған зақымдардан қорғау үшін, келесі шараларды орындаңыз.

- Алынбалы объективі бар үлгілер үшін объектив блогын алып тастаңыз. Объектив блогын алып тастағаннан кейін, сатып алу кезінде проекторда болған қақпақты объективті бекіту аймағына бекітіңіз.
- Проекторды соққылардан қорғау үшін, қорғаныс материалымен орап, оны қатты картон контейнерге салыңыз. Тасымалдау компаниясына қорапта сынғыш заттар бар екенін хабарласыңыз.

* Тұтынушы проекторды тасымалдағанда орын алатын ақаулықтар кепілдікте қамтылмағанын ескеріңіз.

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер

Шетелде пайдалануға арналған қуат сымдары

Осы проектормен бірге берілетін қуат сымы электр қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес келеді. Проектормен бірге берілген қуат сымынан басқасын пайдаланбаңыз.

Проекторды шетелде пайдаланатын болсаңыз, қуат жеткізу кернеуі, розетка пішімі және проектордың электр көрсеткіші жергілікті стандарттарға сәйкес келетінін тексеріңіз және елге сәйкес келетін қуат сымын сатып алыңыз.

Тиісті қуат сымын алу бойынша мәліметтер үшін Epson проекторының контактілер тізімінде көрсетілген елдердің біріндегі өкілетті Epson дилеріне хабарласыңыз.

Жалпы қуат сымы сипаттамалары

Келесі шарттар пайдаланылатын елден тәуелсіз орындалуы керек.

- Қуат сымы проектор пайдаланылатын елдегі стандарттау органының мақұлдау белгісіне ие болуы керек.
- Қуат ашасы пайдаланылатын елдегі розеткамен бірдей пішімде болуы керек.

Әртүрлі елдердің стандарттау органдарына немесе сертификаттау белгілеріне мысалдар

Ел атауы	Стандарттау органы немесе сертификаттау белгісі	Ел атауы	Стандарттау органы немесе сертификаттау белгісі
Америка Құрама штаттары	UL	Норвегия	NEMKO
Канада	CSA	Финляндия	FIMKO
Ұлыбритания	BSI	Франция	LCIE
Италия	IMQ	Бельгия	CEBEC
Австралия	SAA	Нидерланды	KEMA

Тасымалдау және сақтау бойынша ескертулер

Ел атауы	Стандарттау органы немесе сертификаттау белгісі	Ел атауы	Стандарттау органы немесе сертификаттау белгісі
Австрия	OVE	Жапония	PSE
Швейцария	SEV	Корея	EK
Швеция	SEMKO	Қытай	CCC
Дания	DEMKO	Сингапур	PSB
Германия	VDE		

Ақауларды тексеру парақтары

Проекторда ақау орын алса, бұл тексеру парақтарының көшірмесін жасап, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалу кезінде ақау белгілерін анық түсіндіру үшін пайдаланыңыз.

Ақаулықтар

- ☐ Қосу түймесі жұмыс істемейді
- ☐ Экранда ешнәрсе көрінбейді
- ☐ Хабар көрсетіледі
 - ☐ Ешқандай кескін сигналы берілмейді
 - ☐ Бұл сигналдарға бұл проектордың шамасы жетпейді
- ☐ Көгілдір экран (артқы фоны көгілдір)
- ☐ Қара экран (артқы фоны қара)
- ☐ Проектордан түскен кескіндер
- ☐ Қолданушы таңбасы (ешқандай хабар шықпайды)

Кескін

- ☐ Кескіннің жартысы ғана көрінеді
- ☐ Кескін экранның өлшемінен кішкене
- ☐ Кескін қатты бұрмаланған
- ☐ Бірнеше пиксельдер жетіспейді

Кескін сапасы нашар

- ☐ Кескін бұлыңғыр және анық емес
- ☐ Кескіннің жолақтары бар
- ☐ Кескін жыпылықтайды
- ☐ Таңбалар жетіспейтін сияқты

Аудио (орнатылған үндеткіштері бар үлгілер үшін)

- ☐ Ешқандай дыбыс естілмейді
- ☐ Дыбыс төмен
- ☐ Дыбысы бұзылған
- ☐ Қате дыбыс естіледі
- ☐ Жалғанған құрылғының аудио шығысы қосылған ба?
- ☐ Сыртқы үндеткіштер қосылғанда дыбысы шыға ма? (егер аудио шығыс портымен жабдықталса)

Түсі нашар немесе тым қошқыл

- ☐ Тым қошқыл
- ☐ Түсі нашар немесе тым қошқыл (видео)
- ☐ Түсі нашар немесе тым қошқыл (компьютер)
- ☐ Түсі теледидар/электронды-сәулелі құралдан бөлек

Мәзірлер

- ☐ Мәзірлер көрсетіледі
 - Реттеу ☐ Ұйқы режимі: ҚОСУ
- ☐ Туралы (видео)
 - Видео сигналы ☐ АВТО
 - ☐ NTSC
 - ☐ Басқа

Туралы (компьютер)

Жиілік	К	Гц
	Т	Гц
Синхрондау	К	☐ Оңды
полярылығы		☐ Оңсыз
	Т	☐ Оңды
		☐ Оңсыз
Синхрондау режимі		☐ Бөлек
		☐ Композиттік
		☐ Жасылда
		синхрондау
Ажыратымдылық	×	
Жаңарту өлшемі		Гц

Мәзірлер

- ☐ Мәзірлер көрсетіледі
 - ☐ Аудио
 - Аудио кіріс ()
 - Дыбыс ()

Ақауларды тексеру парақтары

Белгілерін мына жерге жазыңыз:

Өнім атауы

Сериялық нөмірі

Сатып алу күні: / /

Көрсеткіштер
(Әр көрсеткіштің түстері мен күйін жазыңыз)

Қуат кабелі

☐ Кабель байланысы мықты ма?

☐ Қуат түймесі ҚОСЫЛҒАН (үлгісіне байланысты)

Қосқыш

☐ Қосқыш байланысы мықты ма?

Қосқыштар

☐ Қосқыш байланысы мықты ма?

☐ Байланыс үшін қолданылатын порттың атауы не? ()

Компьютер параметрлері
(Дисплей ерекшеліктері)

☐ СКД дисплейі

Ажыратымдылық (×)

Жаңарту мөлшері (Гц)

☐ Компьютер Win/Mac/EWS Өндіруші ()

Үлгі ()

Лаптоп/Десктоп/Біріктірілген Панель ажыратымдылығы (×)

Видео режимі ()

☐ Видео жабдығы VCR/DVD/Камера Өндіруші ()

Үлгі ()

Байланыс кабелі

☐ Таза

☐ Ұзартқыш (м)

Бөлік № ()

☐ Таратушы/күшейткіш Бөлік № ()

☐ Ауысу Бөлік № ()



Ақаулық қашан орын алды? ☐ Қолданысқа дейін ☐ Қолдана бастағанда бірден ☐ Қолданыс кезінде
а.а. әрқашан кезінде

☐ Басқа ()

Ақаулық жиілігі ☐ Әрқашан ☐ Кейде (..... рет..... кезінде)
а.а. әрқашан кезінде

☐ Басқа ()

Epson проекторының контактілер тізімі

Шетелде проектормен байланысты мәселелер орын алса, келесі байланыс ақпаратын пайдаланыңыз.

Бұл мекенжайлар тізімі 2025 жыл ақпан айына дейін жарамды.

Жаңартылған байланыс мекенжайын мұнда көрсетілген сәйкес веб-сайттан алуға болады. Бұл беттерден қажетті мәліметті таппасаңыз, www.epson.com мекенжайындағы Epson басты бетіне кіріңіз.

» Қатысты сілтемелер

- "EUROPE, MIDDLE EAST, TURKEY, AFRICA, AND CENTRAL & WEST ASIA" [p.26](#)
- "NORTH, CENTRAL AMERICA & CARIBBEAN ISLANDS" [p.28](#)
- "SOUTH AMERICA" [p.28](#)
- "ASIA & OCEANIA" [p.29](#)
- "Авторлық құқық анықтамасы" [p.29](#)

EUROPE, MIDDLE EAST, TURKEY, AFRICA, AND CENTRAL & WEST ASIA

ALBANIA : ITD Sh.p.k https://www.itd-al.com	ESTONIA : Epson Service Center Estonia http://www.epson.ee	LATVIA : Epson Service Center Latvia http://www.epson.lv
AUSTRIA : Epson Deutschland GmbH http://www.epson.at	FINLAND : Epson Finland http://www.epson.fi	LITHUANIA : Epson Service Center Lithuania http://www.epson.lt
BELGIUM : Epson Europe B.V. Branch office Belgium https://www.epson.be	FRANCE & DOM-TOM TERRITORY : Epson France S.A. https://www.epson.fr	LUXEMBURG : Epson Europe B.V. Branch office Belgium https://www.epson.be

Epson проекторының контактілер тізімі

BOSNIA AND HERZEGOVINA : NET d.o.o. Computer Engineering https://netcomp.rs	GERMANY : Epson Deutschland GmbH https://www.epson.de	NORTH MACEDONIA : Digit Computer Engineering http://digit.net.mk
BULGARIA : Epson Service Center Bulgaria http://www.kolbis.com	GREECE : Info Quest Technologies S.A. https://www.infoquest.gr	NETHERLANDS : Epson Europe B.V. Benelux sales office https://www.epson.nl
CROATIA : MR servis d.o.o. http://www.mrservis.hr	HUNGARY : Epson Europe B.V. Branch Office Hungary https://www.epson.hu	NORWAY : Epson Norway https://www.epson.no
CYPRUS : A.T. Multitech Corporation Ltd. http://www.multitech.com.cy	IRELAND : Epson (UK) Ltd. https://www.epson.ie	POLAND : Epson Europe B.V. Branch Office Poland https://www.epson.pl
CZECH REPUBLIC : Epson Europe B.V. Branch Office Czech Republic https://www.epson.cz	PORTUGAL : Epson Ibérica S.A.U. Branch Office Portugal https://www.epson.pt	DENMARK : Epson Denmark https://www.epson.dk
ITALY : Epson Italia s.p.a. https://www.epson.it	ROMANIA : Epson Europe B.V. Branch Office Romania https://www.epson.ro	RUSSIA : Epson CIS https://epson.ru
SLOVENIA : Birotehna d.o.o. http://www.birotehna.si	UK : Epson (UK) Ltd. https://www.epson.co.uk	SERBIA : Nepo System d.o.o. https://neposystem.rs AIGO Business System d.o.o. Beograd https://aigo.rs

Epson проекторының контактілер тізімі

SPAIN : Epson Ibérica, S.A.U. https://www.epson.es	SLOVAKIA : Epson Europe B.V. Branch Office Czech Republic https://www.epson.sk	SWEDEN : Epson Sweden https://www.epson.se
SWITZERLAND : Epson Deutschland GmbH Branch office Switzerland https://www.epson.ch	Epson Middle East FZCO https://www.epson.com/eme	

NORTH, CENTRAL AMERICA & CARIBBEAN ISLANDS

CANADA : Epson Canada, Ltd. https://epson.ca	MEXICO : Epson Mexico, S.A. de C.V. https://epson.com.mx	U. S. A. : Epson America, Inc. https://epson.com/usa
COSTA RICA : Epson Costa Rica, S.A. https://epson.co.cr	ECUADOR : Epson Ecuador https://epson.com.ec	

SOUTH AMERICA

ARGENTINA : Epson Argentina S.R.L. https://epson.com.ar	CHILE : Epson Chile S.A. https://epson.cl	PERU : Epson Peru S.A. https://epson.com.pe
BRAZIL : Epson do Brasil https://epson.com.br	COLOMBIA : Epson Colombia Ltd. https://epson.com.co	VENEZUELA : Epson Venezuela S.A. https://epson.com.ve

Epson проекторының контактілер тізімі

ASIA & OCEANIA

AUSTRALIA : Epson Australia Pty. Ltd. https://www.epson.com.au	INDONESIA : PT. Epson Indonesia https://www.epson.co.id	PHILIPPINES : Epson Philippines Co. https://www.epson.com.ph
CHINA : Epson (China) Co., Ltd. https://www.epson.com.cn	KOREA : Epson Korea Co., Ltd. http://www.epson.co.kr	SINGAPORE : Epson Singapore Pte. Ltd. https://www.epson.com.sg
HONG KONG : Epson Hong Kong Ltd. https://www.epson.com.hk	MALAYSIA : Epson Malaysia Sdn. Bhd. https://www.epson.com.my	TAIWAN : Epson Taiwan Technology & Trading Ltd. https://www.epson.com.tw
INDIA : Epson India Pvt., Ltd. https://www.epson.co.in	NEW ZEALAND : Epson New Zealand https://www.epson.co.nz	THAILAND : Epson (Thailand) Co.,Ltd. https://www.epson.co.th
JAPAN : Seiko Epson Co. https://www.epson.jp	VIETNAM : Epson Vietnam Company Limited https://www.epson.com.vn	

Авторлық құқық анықтамасы

Бұл ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

© 2025 Seiko Epson Corporation

LMP 2025.4 KK